

Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындау жолдары

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ІІҚ БАИ аға оқытушысы М.Сахарбаева «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындау жолдары» тақырыбында облыс мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған онлайн вебинар өткізді.

Вебинарда жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы оқушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің жетілуіне көмектесетіні

туралы айтыла келе, оқушыларды осы пән бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындау жолдары жөнінде кеңінен мағлұмат берілді.

Жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы оқушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің жетілуіне көмектеседі. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізгі мектепте «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін оқытудың негізін

қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесі жайттарды түсінуге мүмкіндік береді:

1) қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын;

2) өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи

құбылыстар мен үдерістердің себептерін;

3) жаратылыстану ғылымы бойынша білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын;

4) пәнді оқу қоршаған ортаның түрлі құбылыстары мен нысандары жайлы білімнің жинақталуына және күнделікті өмірде алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің байланысын түсінудің қалыптасуына көмектеседі.

Р.ЖҮСПОВА,
PR, SMM маманы.

Жетекші мектептер - мұғалімнің кәсіби дамуының негізі

Қазіргі білім беру саласында кәсіби қоғамдастыққа деген қажеттілік артып келеді. Мектептегі оқыту мен оқу үдерісін басқаруда қоғамдастықтың тигізетін ықпалы өте зор. Мектепшілік пен мектеп аралық кәсіби тәжірибе алмасуда мектеп әкімшілігі мен мектеп ұжымының бірлескен әрекеті оң нәтиже беретіні сөзсіз. Бұл, өз кезегінде «білім алушылар қоғамдастығына» бірігуге жетелейді.

Осы бағыттағы білім алушылар қоғамдастығы мысалы ретінде Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы жетекші мектептердің қоғамдастығының жұмыс тәжірибесін ұсына аламыз.

Атап айтқанда, жоспарланған мектептің жылдық даму жоспарын іске асыруда мектепшілік қоғамдастықты құру қажеттілігі туындады. Мектеп әкімшілігі мен қоғамдастық жетекшілері қоғамдастық мүшелерін мектеп саясатын іске асырушы топ ретінде мектепті басқару алатындықтарына көздерін жеткізіп, өзара сенім

білдірді. Қоғамдастықтың ең басты мақсаты - білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Қоғамдастық мүшелері тек өздерінің сынып оқушыларына ғана емес, мектептегі бүкіл оқушының білімі мен тәрбиесіне ықпал етуді басты мүдде ретінде ұстануы керек.

Осы бағытты ұстанған мектептер жетекші мектеп болып бекітілгеннен кейін қоғамдастық аясын кеңіте түсті. Бұл бізге өз кезегінде басқа мектептердің көшбасшыларымен кәсіби тәжірибе алмасуымызға мүмкіндік берді. Қоғамдастық аясында ең қарапайым іс-әрекеттерден (кеңес алу, жоспарларды талқылау, білім беру ресурстарымен алмасу) кең ауқымды жұмыстарға (шеберлік сыныптары, коучинг, менторинг, Сабақты зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу, семинарлар) ұштасып жатты.

Жетекші мектептің құрылымы төмендегі бағыттар бойынша өз жұмыстарын жүргізіп келеді:

-Мұғалімнің кәсіби дамуындағы проблемаларын зерттеу мен шешу;

-Оқушылардың белсенділігін арттырудағы әдіс-тәсілдер мен жаңа ақпараттық технологияларды тиімді қолдану;

-Мектептің даму жоспарына ұсынылатын басымдықтарды анықтау мен жоспарлау;

-Әріптестердің іс-тәжірибесімен бөлісу.

Жетекші мектеп пен серіктес мектептердің соңғы бас қосуында «оқушылар қоғамдастығын» және «ата-аналар қоғамдастығын» да құруды жоспарлады. Білім саласындағы үштік одақ белсенді біріккенде ғана нәтиже болатыны мұғалім тәжірибесінен белгілі. «Оқуға қолдау көрсету мақсатында мектеп, отбасы және қоғам бірлесе жұмыс істеген кезде, әдетте балалар мектепте жақсы оқиды, мектепте ұзағырақ қалады және мектепті жақсы көреді». (SEDL есебінен)[2]

Бұл бастама мектептегі оқыту мен оқу үдерісіндегі мәселелерді бірлесіп шешумен қатар өз нәтижесін беретініне сенімдіміз.

Осы бағыттағы бас қосуларымыздың өту қарқынына ерекше мән беріп, ынтымақтастықта жұмыстанып және заман талабына сай білім беруде өзгерістер енгізу мақсатында ынтымақтастықпен бірлесе жұмыс істеуді басты мақсат етіп белгіледік.

Сондықтан да, бұл мектептер арасындағы желі одақ қоғамдастығымыз - мұғалімдерге қолдау көрсете отырып, оқушылар жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін серіктес мектеп арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-әрекеттерді жоспарлау, іске асыру мақсатында бірлескен мектептер тобы ретінде алғашқы нәтижесін беруде. Болашақта осы бастаған іс-әрекеттеріміз өз жемісін беретініне сенімдіміз.


Майжан МАСАТОВА,
Жаңаөзен қалалық білім
үйлестіру орталығының әдіскері,
Жаңаөзен қаласы.

Белсенді туризм түрлері

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, жақында жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының «Туризм», «Өлкетану» үйірмесінің педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, оқушылармен жасалатын жұмыстың оңтайлы әдістерін үйрену мақсатында, ZOOM платформасы арқылы «Белсенді туризм түрлері және оның функциялары» тақырыбында онлайн практик-кум семинары өткізілді. Семинарға аудан, қалалардан 22 мұғалім қатысты.

Семинарда туризм бөлімінің инструкторы М.Тегісбаев қауіпсіздік белдік түрлерін байлау, жасанды жартақша шығу техникасы мен тактикасы, арнайы құралмен биіктікке шығу тәсілдерінен практикалық жұмыс түрлерін көрсетті.

Қатысушылар практикалық жұмыстардың пайдалы болғанын, осы бағытта бейне семинарларды жиі өткізу керектігі туралы ұсыныстарын



білдірді және өздерінің жұмыс барысындағы тәжірибелерімен бөлісті.

Практикум - семинар материалдарын орталықтың сайтынан <https://ocdt.kz/kz/> көре аласыздар.

А.АЙТЕКЕНОВА,
Маңғыстау облыстық
балалар мен
жасөспірімдер туризмі
орталығының әдіскері.

Қашықтықтан оқыту-уақыт талабы

Қазіргі ел басындағы жағдайға байланысты бүкіл әлемді дүрбеленге салған індеттен сақтану мақсатында білім жүйесі жаппай қашықтан оқытуға көшті. Қашықтан оқыту - мектеп мұғалімдері үшін де, балалар үшін де, ата-аналар үшін де жаңа формат. Бұл оқыту жүйесінің уақыт талабы болып тұрғаны анық. Туын-даған жағдайға байланысты оқытудың бұл үрдісі - қолайлы, әрі тиімді болып отыр. Себебі, XXI ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, қарыштап дамып келе жатқанын білеміз. Сондықтан саналы ұрпақты тәрбиелеуде сапалы білім алу мен салауатты өмір салтын берік ұстану маңызды рөл атқарады. Осы форматта оқыту арқылы педагог заманауи ақпаратты ұтымды пайдалану әдістерін жетік меңгерсе, онда ақпараттық қоғамда өмір сүріп, оның талабына сай бейімделе алатын келер ұрпақтың да іргетасы берік қаланады.

ҚР Білім және ғылым министрілігі ұстаздар қауымына барлық жеңілдетілген тәсілдерді қарастырып отырғандығы

ұстаздарға жана шабыт беріп, өз ісін белсенді, жауапкершілікпен атқаруға жол аша түсті. Ал, оқушылардың өз бетінше білім алуын қалыптастырып, ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтетіндігін жұмыс аясында көріп отырмыз. Ата-аналардың жана ризашылығын білдірген ата - аналардың саны күннен - күнге артауда. Сондықтан ұстаз - тереңде жатқан кенді ашып, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесіне әрқашан қолдау көрсетейік. Еңсесі биік, өркеннетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қиыншылықты төзім мен сабыр ғана жеңеді.

Гүлсім НӘДІРОВА,
Өтес орта мектебінің
география пәні мұғалімі,
педагог-шәбер,
Маңғыстау ауданы.